

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
«Мирас» университеті
БЕКІТЕМІН

«Мирас» университетінің ректоры

МИНИСТЕРСТВО
ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
Университет «Мирас»
УТВЕРЖДАЮ

Ректор университета «Мирас»



(қолы/подпись)

Мырзалиев Б.А.

(А.Ж.Т./Ф.И.О.)

« 31 » _____ марта 2017ж.г.



Мирас университетінің білім беру бағдарламаларының

сапасын қамтамасыз ету саласындағы саясаты

Мирас Университеті Дублиндік дескрипторлардың, Еуропалық және ұлттық біліктілік шеңберлеріне сәйкес білім берудің ұлттық жүйесінің екі деңгейі бойынша кадрларды даярлаудың білім беру бағдарламаларын жүзеге асырады: бакалавриат және магистратура, сынақты қайта тапсыру мен кредиттерді жинақтаудың Еуропалық жүйесін (ECT5) ендіреді.

Университеттің білім беру бағдарламалары оқытудың сәйкес деңгейлері бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына, типтік оқу жоспарларына сәйкес әзірленеді, бұл білім беру қызметін жүзеге асыруға арналған мемлекеттік лицензиямен расталады.

Жоғары оқу орнының сапа саласындағы саясатта қаланған идеялар білім беру бағдарламаларының сапасы саласындағы саясат бағытының білім беру бағдарламаларының тек ұлттық талаптарға сәйкес келуіне ғана емес, сонымен қатар халықаралық стандарттар мен критерийлерге сәйкес келуін анықтайды, олар Мирас университетінің миссиясымен келістіріледі: «Сапалы өмірге арналған қолжетімді білім».

Мақсаты:

Білім алушылардың кәсіби және жеке-дара құзыреттеріне ие, белсенді әлеуметтік және азаматтық ұстанымды айқындайтын, бәсекелес ортада үздік нәтижелерді көрсететін, экономиканың дамып келе жатқан салаларының кадрлік негізін қалыптастыратын жас мамандарға айналуына әағымды әсер етеін, теңдік, еркіндік және адалдық қағидаттарына негізделген жоғары технологиялық білім беру ортасын жасау.

Міндеттері:

1. Ішкі және сыртқы бақылау механизмдерін қамтитын, білім беру бағдарламаларының сапасын қамтамасыз ететін тұрақты әрекет етуші жүйесін жасау;

2. Барлық мүдделі тұлғаларды білім беру бағдарламаларының сапасын қамтамасыз етуші жүйеге еліктіру (студенттер, оқытушылар, әкімшілік, Қамқоршылық кеңес, кәсіби орта өкілдері мен түлектер);

3. Білім беру процессін жүзеге асыру мен мазмұнының нысандарын жетілдіруге қатысу мүмкіндіктерінің теңдігін қамтамасыз ету арқылы жоғары оқу орнының ашықтығы;

4. Білім алу мен оқыту сапасының кепілдігін қамтамасыз ету мақсатында, білім беру, тәжірибелік және зерттеу қызметінің интеграциясына деген тұрақты бағыттылығы;

5. Студенттік орталықтандырылған (студенттерге бағытталған) білім алуды ұйымдастыру;

6. Білім беру процессінің ашықтығы мен мөлдірлігінің қағидатын қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді түрде әрекет етуге және академиялық адалдықты қолдауға бағытталған шаралардың қабылдануы мен нығайтылуына жәрдемдесу;

7. Университетте білім алушылар үшін кәсіби және жеке бастың қасиеттерін, азаматтық позиция мен отаншылдықты дамытуға, шығармашылық әлеуетті жүзеге асыруға мүмкіндік беретін оқу, ғылыми және тәрбиелік ортаны жасау.

Жүзеге асыру жолдары:

1. Білім беру бағдарламаларын (БББ) тұрақты түрде жаңартып тұру.

2. Тәжірибелер базасын кеңейту, оқу орталықтары – полигондарды ашу, қызметтің мақсатты салаларының көшбасшылары – ірі ұйымдармен қызметтес болу.

3. Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар, қосарлы және үш тілде білім беру секілді бағыттарды дамыту.

4. Пәндерді оқып-зерттеу аясында көшбасшылық құзыреттердің қалыптасуы үшін оқытудың инновациялық технологияларын әзірлеу және енгізу.

5. Оқу процессін жетілдіру үшін материалдық-техникалық базаны ұлғайту. Білім алу тиімділігін арттыру үшін жаңа технологияларды енгізу. Процесстерді автоматтандыру.
6. Түрлі қызмет салаларынан тәжірибелі оқытушыларды, өндірісте істеуші мамандарды тарту.
7. Білім беру бағдарламаларының сапасын арттыру арқылы білім алушыларды тарту жүйесін жетілдіру.
8. Алдыңғы қатарлы шетелдік тәжірибені білім беру жүйесіне интеграциялау мақсатында халықаралық байланыстарды дамыту.
9. Сыбайлас жемқорлықты алдын алу жөніндегі жүйені құру, оқу процессін ұйымдастыру кезінде плагиатты жою және ғылыми, теориялық және тәжірибелік әзірлемелердің және студенттер мен магистранттардың оқу нәтижелерінің бірегейлігін қамтамасыз ету жөніндегі механизмдерді енгізу.
10. Қабылдау және оқыту процессінде білім алушылардың кәсіби бағдарлануын, білім алушылардың эдвайзерлер қызметінен кеңес алуын ұйымдастыру.
11. Оқыту барысында жеке басқа бағдарланған тәсілдемесін енгізу; студенттердің білім алуын жекешелендіру мүмкіндігін, білім беру бағдарламасын меңгеру үшін максималды жағымды жағдайларын, сонымен қатар оқу аяқталғаннан соң білім беру және кәсіби стандарттарға, қазақстандық және халықаралық талаптарға толық сәйкестікте біліктілікті (дәрежені) алу мүмкіндігін енгізу.
12. Сабақ беру, ғылыми зерттеулер мен оқыту арасындағы өзара әрекеттестікті жүзеге асыру.
13. Сауалнама жүргізу арқылы тұрақты түрде білім алушылардың ОӘЖ мен СҒЗЖ ұйымдастырылуымен, әкімшілік-шаруашылық жағдайлармен, сабақ беру деңгейімен, тәжірибелерді ұйымдастыру деңгейімен қанағаттану; профессорлық-оқытушылар құрамы мен қызметкерлердің еңбек жағдайларына, ПОҚ-тың ҒЗЖ-на еліктіруге қанағаттану; жұмыс берушілердің «Мирас» университетінің түлектерін даярлау сапасымен қанағаттану деңгейін анықтау.
14. Студенттік жетістіктерді бағалаудың тиімді және мөлдір жүйесін жасау.
15. Білім беру бағдарламаларының сапасын бағалаудың сыртқы жүйесін пайдалану: білім беру бағдарламаларының жүзеге асыру мен мазмұнының сапасын халықаралық талаптарға сәйкестігін растайтын, білім беру

бағдарламаларының халықаралық аккредитациясы; өндіріс мамандарының білім беру бағдарламаларының жасалу сапасы туралы пікір білдіруі.

16. Тәрбиелеу жұмысындағы жүйелік әдісті жүзеге асыру, студенттік өзін-өзі басқаруды дамыту.

17. Көп тілді білім беру жүйесін енгізу және жүзеге асыру.

Университет жетекшілігі сапа мәдениетін қалыптастыру және Университет саясатының білім беру бағдарламаларының сапасын қамтамасыз ету саласында оны тиімді түрде жүзеге асыру бойынша міндеттерді өзіне жүктейді.

Саясат басқарудың барлық деңгейлерінде жүзеге асырылады және қажет жағдайда талданып, қайта қарастырылуы мүмкін.

Университет ОӘК отырысында талқыланды
Обсуждено на заседании УМС университета
№8 Хаттама «24» наурыз 2017ж.
Протокол №8 «24» марта 2017г.

Университет ҒК отырысында бекітілді
Утверждено на заседании УС университета
№8 Хаттама «31» наурыз 2017ж.
Протокол №8 «31» марта 2017г.